

Сақтандырылушыға арналған КАСКО сақтандыру талаптары

Мен, _____ (ТАӘ) «Еуразиялық банк» АҚ-та алынған Қарыз көмегімен сатып алынған көлік құралын сақтандырудың осы талаптарымен (бұдан әрі мәтін бойынша – «Сақтандыру талаптары») танысқанымды, Сақтандыру талаптарының көшірмесін алғанымды және оларды сақтауға міндеттенетінімді, кері жағдайда осы Сақтандыру талаптарын бұзғаным үшін «Еуразиялық банк» АҚ залалдарын өтеп беруге міндеттенетінімді растаймын.

I. Осы арқылы көлік құралын сақтандыру талаптарының маған түсінікті екенін және келесі сақтандыру оқиғалары басталған кезде көлік құралының зақымдалуы/жоғалуы/опат болуы сақтандыру жағдайы болып танылуы мүмкін екенін растаймын:

1. Келесі оқиғалар кезінде көлік құралының жоғалуы (опат болуы) немесе зақымдалуы мотоциклмен/мотороллермен Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады:

1) **жол-көлік оқиғасы (ЖКО):** сақтандырылған Көліктің жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен туындаған, сол кезде басқа көлік құралымен соқтығысу, жылжымалы немесе жылжымайтын заттарды (құрылыстарды, бөгеттерді, құстарды, жануарларды) соғып кету (соққы беру), аударылу, су басу, сондай-ақ қандай да бір заттың оған құлау жағдайларынан болған оқиға;

2) **үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері:** сақтандырылған Көлікті айдап кету, қарақшылық шабуыл жасау, тонау, ұрлау және айдап кетумен, қарақшылық шабуыл жасаумен, тонаумен, ұрлаумен немесе айдап кету, қарақшылық шабуыл жасау, тонау, ұрлау әрекетімен байланысты жойылу не зақымдалу;

3) **дүлей апаттар:** боран, дүлей дауыл, алай-дүлей қатты жел, бұршак, найзағайдың түсуі, жер сілкінісі, сел, таудың опырылуы, көшкін, судың тасқыны, су басу;

4) **басқа да алдын алуға болмайтын оқиғалар:** өрт, жарылыс, мұздың астына түсіп кету, су құбырының, жылыту және канализация желілерінің зақымдалуы.

2. Келесі оқиғалар кезінде көлік құралының жоғалуы (опат болуы) немесе зақымдалуы квадроциклмен/қарда жүргішпен Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады:

1) **жол-көлік оқиғасы (ЖКО):** сақтандырылған Көліктің жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен туындаған, сол кезде басқа көлік құралымен соқтығысу, жылжымалы немесе жылжымайтын заттарды (құрылыстарды, бөгеттерді, құстарды, жануарларды) соғып кету (соққы беру), аударылу, су басу, сондай-ақ қандай да бір заттың оған құлау жағдайларынан болған оқиға;

2) **үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері:** сақтандырылған Көлікті айдап кету, қарақшылық шабуыл жасау, тонау, ұрлау және айдап кетумен, қарақшылық шабуыл жасаумен, тонаумен, ұрлаумен немесе айдап кету, қарақшылық шабуыл жасау, тонау, ұрлау әрекетімен байланысты жойылу не зақымдалу;

3) **дүлей апаттар:** боран, дүлей дауыл, алай-дүлей қатты жел, бұршак, найзағайдың түсуі, жер сілкінісі, сел, таудың опырылуы, көшкін, судың тасқыны, су басу;

4) **басқа да алдын алуға болмайтын оқиғалар:** өрт, жарылыс, мұздың астына түсіп кету, су құбырының, жылыту және канализация желілерінің зақымдалуы.

3. Келесі оқиғалар кезінде көлік құралының жоғалуы (опат болуы) немесе зақымдалуы гидроциклмен Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады:

1) **Соқтығысу** – басқа гидроциклдармен, басқа жүзу ғимараттарымен;

2) **үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері:** сақтандырылған Көлікті айдап кету, қарақшылық шабуыл жасау, тонау, ұрлау және айдап кетумен, қарақшылық шабуыл жасаумен, тонаумен, ұрлаумен немесе айдап кету, қарақшылық шабуыл жасау, тонау, ұрлау әрекетімен байланысты жойылу не зақымдалу;

3) **дүлей апаттар:** боран, дүлей дауыл, алай-дүлей қатты жел, бұршак, найзағайдың түсуі, жер сілкінісі, сел, таудың опырылуы, көшкін, судың тасқыны, су басу;

4) **басқа да алдын алуға болмайтын оқиғалар:** өрт, жарылыс, мұздың астына түсіп кету, су құбырының, жылыту және канализация желілерінің зақымдалуы.

Осы Сақтандырылушы үшін сақтандыру талаптарының I тарауында көрсетілмеген оқиғалар сақтандыру жағдайлары болып табылмайды және сақтандырушы олар үшін сақтандыру төлемақысын төлемейді, сондай-ақ дүлей апаттардың, заңсыз әрекеттердің, басқа күтпеген оқиғалардың тізімі кеңейтіліп түсіндірілуге жатпайды.

II. Сақтандыру шартымен келесі мөлшердегі шартсыз франшизаның қарастырылғанын түсінетінімді және келісетінімді растаймын:

Әрбір және кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасынан __%, бірақ кемінде 25 000 теңге.

III. Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған көлікті меншіктенуші ғана Сақтандырылушы бола алатынын және көлікті меншіктенуші емес тұлға басқарған кезде сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартатынын түсінетінімді және келісетінімді растаймын.

IV. Сақтандыру шартымен келесі сақтандыру аумағының көзделгенін түсінетінімді және келісетінімді растаймын: Қазақстан Республикасы.

V. Төменде аталған оқиғалар басталған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынын түсінетінімді және келісетінімді растаймын:

Егер көліктің жоғалуы (опат болуы) немесе зақымдалуы төмендегі фактілердің біреуінің салдарынан болса:

- 1) соғыс; басып кіру; шетелдік мемлекеттердің қастандық әрекеттері; әскери және соған ұқсас операциялар (соғыстың басталғаны туралы жариялануына немесе жарияланбауына байланыссыз) немесе азаматтық соғыс;
- 2) бүліктер; көтерілістер; локауттар; халық көтерілісі дәрежесіне жеткен немесе ауқымы арта түскен азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлікшілік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; төңкерістер; әскери басқыншылық немесе билікті заңсыз басып алу; тәркілеу; иеліктен айыру немесе мүлікті мемлекет меншігіне айналдыру; лаңкестік акциялар¹;
- 3) радиоактивтік сәуле шығару немесе атом отынын жағудан радиоактивтік отынмен немесе радиоактивтік қалдықтармен ластау;
- 4) Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған немесе ықпал ететін қасақана әрекеттері;
- 5) Сақтандырылушының көлікті мастық, уыттық немесе есірткілік мастану жағдайында немесе көлікті басқару кезінде қолдануға болмайтын дәрілік препараттардың әсерімен басқару, мастық пен сақтандыру жағдайының арасында себеп-салдарлық байланыстың бар-жоғына байланыссыз;
- 6) сақтандырылған көлікті басқару құқығына жүргізушілік куәлігі жоқ тұлғаның көлікті басқаруы (егер Сақтандырылған тұлғаның көлікті басқару құқығына жүргізушілік куәлігі болмаса, егер осындай көлікті басқаруға рұқсат берілмейтін болса, онда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды), осымен тең дәрежеде көлікті 21 жасқа толмағаның тұлғаның басқаруы;
- 7) көлікті жалға, тең дәрежеде лизингке, сенімгерлікпен басқаруға беру үшін пайдалану;
- 8) көлікті сынақтар, спорттық немесе оқу мақсаттарына пайдалану, осындай факт пен сақтандыру жағдайының арасында себеп-салдарлық байланыстың бар-жоғына байланыссыз;
- 9) көлікті осы Шартта көрсетілгендерден ерекшеленетін мақсаттарға немесе заңсыз мақсаттарға пайдалану;
- 10) салмағы бойынша шамадан тыс артық тиеуге жол беру, осындай факт пен сақтандыру жағдайының арасында себеп-салдарлық байланыстың бар-жоғына байланыссыз;
- 11) егер көліктің осы түрі үшін белгіленген талаптармен жүкті тасымалдауға тыйым салынбаса, мұндай кезде айрықша сақтандыру жағдайы жүкті тасымалдау фактісі болып табылады, Сақтандырылушының

¹ «Лаңкестік акциялар» - лаңкестік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған әрекеттердің жиынтығы және лаңкестік сипаттағы өзге қылмыстарды жасау.

сақтандыру жағдайының себебі болған көлікті пайдалану ережесін, оның ішінде техникалық жарамсыз көлікті, тең дәрежеде белгіленген тәртіппен техникалық тексеруден өтпеген көлікті пайдалануы, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі ережелерін, өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттар мен құралдарды тасымалдау және сақтау ережелерін, жүктерді тасымалдау кезіндегі талаптарды (Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес) бұзуы;

12) сақтандыру жағдайының сақтандыру аумағынан немесе сақтандыру қорғанысы кезеңінен тыс жерде басталуы;

13) осы Шартта сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиғалар;

14) Сақтандырылушы көлікте немесе онсыз соқтығысқан жерден жасырынғанда (кетіп қалғанда) немесе соқтығысу/ЖКО бойынша оқиға болған жерде құжаттар жасалған уақыттан бастап алты сағат ішінде белгіленген мерзімде мастық, уыттық немесе есірткілік масандық жай-күйін анықтауға медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтпегенде (сақтандыру жағдайына жол берген Сақтандырылған тұлға мұндай куәландырудан кез келген соқтығысу/ЖКО кезінде өтуге міндетті);

15) біртіндеп әсер ететін себептер, онымен шектелмей, тозу, тотығу, тот басу, көгеру, зең басу, дымқыл және құрғақ шіру, біртіндеп латенттік ақаулармен жағдайының нашарлауы, біртіндеп дамиды өзгеріске ұшырау немесе бұрмалау, жәндіктердің, кез келген түрдегі паразиттердің/микробтардың және кеміргіштердің қалдықтары, зауыттық ақау;

16) көлік құралын көлік меншіктенуші болып табылмайтын тұлғаның басқаруы;

17) жобадағы (дизайндағы), ерекше нұсқамалардағы, өндірістегі, материалдардағы қателіктер мен жаңсақтықтар;

18) сақтандыру жағдайы уақытында немесе тікелей сақтандыру жағдайынан кейін, Шарттың Басты талаптарының 5-тармағының 2) тармақшасындағы айрықша сақтандыру жағдайын қоспағанда, көліктің бөлшектерін ұрлау немесе жымқыру;

19) көліктің электр сымдарының немесе қосалқы жабдықтың қысқа тұйықталуы салдарынан жарамсыздығы нәтижесінде туындаған өрт;

20) көлікті көліктің кез келген түрімен тасымалдау;

21) көліктің қозғалтқышын қыздыру үшін ашық от көздерін пайдалану;

22) кез келген себеп бойынша, сақтандыру жағдайы сәтінде немесе тікелей оның алдында көлікте болған жолаушылардың жалпы саны осы көліктің моделі үшін белгіленген ең жоғарғы шамадан асқанда;

23) сақтандырылған көлікті онда қалдырылған тіркеу құжаттарымен (көлік құралын тіркеу туралы куәлік және т.б.) және/немесе оның кілттерімен бірге ұрлау (айдап әкету);

24) Сақтандырылушының көлікті осыған ұқсас көлік түрін пайдалану ұсынылмайтын және/немесе тыйым салынған жерде немесе рельефте пайдалануы;

25) Сақтандырылушы көлікті пайдалану нұсқаулығын бұзған кезде;

26) Көлікті басқарған кезде сақтандырылған көлік құралы бойынша заңда, жол белгілерімен немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда анықталатын шекті жылдамдықтан аспайтын қозғалыс жылдамдығын асыру(тиісті органдарда тіркелуі тиіс көлік үшін);

27) көліктің зауыттық жинақталуын өзгерту;

28) сақтандырылған көліктің сақталуын қамтамасыз ететін шараларды қабылдамау;

29) зақымдалған көлік құралын Сақтандырушы мен тәуелсіз сарапшы/бағалаушы тексеріп қарағанға дейін жөндеу жұмыстарын жүргізу;

30) зақымдалу сипаты мен зақымдалған жердің мәлімделген оқиғаға сәйкес келмеуі.

Сақтандыру жағдайы болып табылмайтындар:

1) каскалар (шлем), аспаптар, дәрі қобдишасы, өрт сөндіргіш жиынтығының, апаттық аялдама белгісінің, стационарлық айдап кетуге қарсы құралдардың ұрлануымен, бүлінуімен, жойылуымен келтірілген залалдар;

2) шиналардың немесе дөңгелек дискілерінің зақымдалуынан болған залалдар, егер бұл ретте осы сақтандыру жағдайынан басқа тораптар мен бөлшектердің зақымдалуы болмаса

3) тіркеу белгілерінің ұрлануымен келтірілген залалдар;

4) сақтандырылған көлікті пайдалану нәтижесінде оның бөлшектерінің, тораптары мен агрегаттарының бұзылуы, тоқтап қалуы, істен шығуы, оның ішінде агрегаттардың ішкі қуысына бөтен

заттар мен бұйымдардың түсуі салдарынан келтірілген залалдар;

5) сақтандырылған көліктің табиғи тозуына байланысты залалдар;

6) қосалқы жабдықтың, багаждың бүлінуінен/жоғалуынан/опат болуынан келтірілген залалдар;

Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жасамайды:

1) жанама және коммерциялық жоғалтулар, оның ішінде тауарларды жеткізу немесе жұмыс өндірісі (қызметтер көрсету) мерзімдерінің бұзылуына байланысты жоғалтулар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.), келісімшарттар (шарттар) бойынша басқа да міндеттемелердің бұзылуына байланысты алынбаған пайда; сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын басқа да шығыстар (әкімшілік айыппұлдар және өзге де мемлекеттік төлемдер; жалға алған көлікті пайдаланғаны үшін төлемдер; жөндеу кезінде қонақ үйде тұрғаны үшін төлемдер; іссапар шығындары; табыстың жоғалуы; тоқтап қалуымен келтірілген шығыстар; тұрақ және күзет үшін төлемдер, зақым келтірілген көлікті тасымалдауға шығындар);

2) моральдық зиян;

3) сот шығындары;

4) сақтандырылған көліктің тауарлық құнын жоғалтуы.

Сақтанушы шартты жасаған сәтте сақтандырылған көлік құралдарының толық жарамды күйде екенін және сақтандырылған көлік құралдарының түпнұсқалық кілттерінің, электронды пульттерінің толық жинақталғанын (өндіруші зауыттың комплектациясына сәйкес) растайды.

Сақтандырылған көлікті меншіктенуші Сақтанушының алдындағы берешегін өтеген кезде Сақтанушы сақтандырылушылар тізімінен тиісті көлік құралдарын шығарып тастау үшін бордеродағы тиісті қарыз алушылардың тізімін көрсетеді, бұл ретте Сақтанушыға қайтарылуы тиіс сақтандыру сыйлықақысының сомасы басқа көлік құралдары бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу есебіне жатқызылады. Көлік құралдарының тізімінде мәлімделген сақтандыру қорғанысының қолданылуы Сақтандырушы бордероны алған күннен бастап тоқтатылады.

Меншіктенуші сақтандырылған көлік құралынан бас тартқан жағдайда Тараптар (яғни «Еуразия» СК» АҚ және «Еуразиялық банк» АҚ) Қарыз шартын ресімдеген күннен бастап 14 күн ішінде сақтандырылған көлік құралы бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуын жоюға құқылы, аталмыш жағдайда тиісті көлік құралы үшін төленген сақтандыру сыйлықақысы қандай да бір ұстап қалусыз толық көлемде басқа сақтандырылатын көлік құралы бойынша есепке жатқызылуы тиіс, бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға меншіктенуші көлікті қабылдаудан бас тартқан күннен бастап 2 банктік күннен кешіктірмей сақтандыру қорғанысының жойылғаны туралы мәлімдеуге міндетті.

VI. Сақтандыру қорғанысы қолданылатын уақытта мына аталғандарды қамтамасыз етуге міндеттенемін:

1. көлікті айдап әкетуге қарсы дабылдамамен және рульді имобилизациялайтын құрылғымен жабдықтау;

2. түнгі уақытта көлікті қауіпсіз қоршалған жерде, күзетілетін тұрақта немесе гаражда қалдыру;

3. көлікті қараусыз қалдырған кезде барлық құлыптарының жабық болуы және айдап әкетуге қарсы дабылдаманың не рульді имобилизациялайтын құрылғының қосылуы.

4. көлік құралында көлік құралының кілттерін, сондай-ақ көлік құралына құжаттарды қалдырмау.

5. Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық Көлікті сақтандыру шарттары туралы жазбаша хабарлау;

6. осы Шарт қолданылатын мерзім ішінде Сақтандырушыға және «Еуразиялық банк» АҚ-қа сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы кешіктірмей хабарлау;

7. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілеріне ие және/немесе салдары сақтандыру жағдайының орын алуына алып келуі ықтимал жағдайдың орын алғандығы туралы осындай оқиға басталған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлау;

8. сақтандыру жағдайынан болатын залалдардың алдын алу немесе азайту бойынша барлық мүмкін болатын және мақсатты шараларды қабылдау;

9. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген залалдарды өтеу сипаты мен мөлшерлері туралы талдаулар жасауға мүмкіндік беретін қолда бар ақпараттың барлығын ұсыну;

10. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап қою құқығының ауысын қамтамасыз ету;
11. сотқа Сақтанушы - «Еуразиялық банк» АҚ-тың келісімінсіз бермеу, өйткені сақтандыру төлемін алушы мен меншіктенуші «Еуразиялық банк» АҚ болып табылады;
12. зақымдалған көлікті жөндегеннен кейін Сақтандырушының өкіліне көлікті тексеріп қарауға және көлік досьесіне және сақтандыру ісіне тиісті ақпаратты енгізу үшін барлық қажетті ақпаратты (құжаттарды) беру. Осы міндетті орындамау келесі сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға әкеп соқтыруы мүмкін.
13. Пайда алушы сақтандыру төлемін алған жағдайда, сақтандыру төлемі келтірілген зиянды толық көлемде өтемеген жағдайларды қоспағанда, кінәлі тұлғадан зиян құнын алмау. Бұл жағдайда Сақтандырылушы сақтандыру төлемі мен зиян сомасы арасындағы жетпей тұрған айырманы кінәлі тұлғадан өндіріп алуға құқылы;
14. Мен алдыңғы тармақшаны бұзған жағдайда кінәлі тұлғадан алынған соманы Сақтандырушыға беру;
15. Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылушы дербес деректерін жинауына және өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруіне өзінің келісімін растаймын. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді әрі қарай сақтау қажеттілігі өткенге дейін анықтайды. Дербес деректерді пайдалану Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарт және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында, сондай-ақ жалпы Сақтандырушының мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
16. дербес деректердің жалпыға қолжетімді дербес дерекқор көздерінде, электрондық және басқа да дерекқорлар мен картотекаларда таратылуына, оның ішінде осындай деректердің үшінші тұлғаларға берілуіне өзінің келісімін растаймын;
17. зақымдалған көлікті жөндегеннен кейін Сақтандырушының өкіліне көлікті тексеріп қарауға және көлік досьесіне және сақтандыру ісіне тиісті ақпаратты енгізу үшін барлық қажетті ақпаратты (құжаттарды) беру. Осы міндетті орындамау келесі сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға немесе жүзеге асырылған сақтандыру төлемін қайтаруға әкеп соқтыруы мүмкін;
18. Сақтандырылған көлікті пайдалану жөніндегі басшылықты орындау.

VII. Сақтандыру жағдайы басталғанда мыналарды міндетіме аламын:

- орын алған жағдайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін барлық қисынды әрі қолжетімді шараларды, соның ішінде бүлінген көлікті құтқаруға және сақтауға қатысты шараларды қабылдау (егер Сақтандырушы нақты шараларды қабылдау туралы нұсқауларды хабарлаған болса, оларды орындауы тиіс);
- оқиға орнанда соқтығысу/ЖКО бойынша құжаттарды жасағаннан кейін алты сағат ішінде медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуге (мұндай куәландырудан сақтандыру жағдайына жол берген Сақтандырылған тұлға кез келген соқтығысу/ЖКО кезінде өтуі тиіс);
- сақтандыру жағдайы орын алғандағы мән-жайларға тексеру жүргізуге уәкілетті тиісті құзыретті органдарға жүгіну, атап айтқанда:
 - а) су полициясы органдары – су көліктің кез келген зақымдалуы жағдайында; өртке қарсы қызмет органдарына – өрттің нәтижесінде туындаған зақым келген жағдайда; жол полициясы органдары - көліктің кез келген зақымдалуы жағдайында;
 - б) өртке қарсы қызмет органдарына – өрттің нәтижесінде туындаған зақым келген жағдайда; ТЖМ – дүлей апаттар орын алған жағдайда;
 - в) ІІМ тергеу органдарына – үшінші тұлғалар заңсыз әрекеттерді жасаған жағдайда;
 - г) қоршаған ортаның жағдайын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға, ТЖ органдарына - тиісті аумақта дүлей апаттардың туындау фактісін растайтын тиісті құжаттарды алу үшін дүлей апаттардың, мұздың астына кетудің нәтижесінде көліктің зақымдалуы жағдайында;
 - д) коммуналдық қызметтер, әкімшілік – су құбырының суымен, жылыту немесе арна жүргізу жүйелерімен зақымдаған жағдайда;

- оқиғаның уәкілетті мемлекеттік және өзге құзыретті органдарда құжаттамалық ресімделуін қамтамасыз ету;
- оқиғаның , оның ішінде жол- және су-көлік оқиғалары кезінде мемлекеттік және өзге құзыретті органдарда құжаттық ресімделуі кезінде көмек көрсету:
- егер оларды анықтау мүмкін болса, кінәлі тұлғалар мен куәгерлердің деректерін жазып алу;
- су полициясы органы оқиға болған кезде ресімдейтін хаттамасында көліктің барлық зақым келтірілген жерлерінің көрсетілуін бақылау; Сақтандырушының апаттық комиссарының қатысуымен көліктің барлық зақым келтірілген жерлерінің көрсетілуін бақылау; жол полициясы органы оқиға болған кезде ресімдейтін хаттамасында көліктің барлық зақым келтірілген жерлерінің көрсетілуін бақылау;
- су полициясы қызметкерлерінің оқиғаның сызбасын және көліктердің жүру бөлігінде орналасу сызбасын құрастыру кезінде көмектесу және қатысу, сызбамен келіспеген жағдайда оған қол қою кезінде өзінің пікірін көрсету; апаттық комиссарлар актіні жасау кезінде көмектесу және қатысу; жол полициясы қызметкерлерінің оқиғаның сызбасын және көліктердің жүру бөлігінде орналасу сызбасын құрастыру кезінде көмектесу және қатысу, сызбамен келіспеген жағдайда оған қол қою кезінде өзінің пікірін көрсету;
- су полициясы органына болған оқиғаны толық бейнелеумен түсініктеме жазу; Сақтандырушыға болған оқиғаны толық бейнелеумен түсініктеме жазу;
- шығындарды келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, мүмкін және қисынды шараларды қолдану; орын алған жағдайдың мән-жайын толық сипаттаумен жол полиция органдарына түсініктемені жазу;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қойған кезде су полициясы органының шешімімен келіспеген жағдайда хаттамада өзінің пікірін баяндау.
- залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап қою құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, мүмкін болатын және қисынды шаралардың барлығын қабылдау;
- қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей, мереке және демалыс күндерін алып тастағанда, оны білген сол сағаттан бастап Сақтандырушыға немесе оның өкілетті өкіліне оқиғалардың мән-жайы, түрлері және келтірілген зиянның болжамды мөлшері туралы оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлау, Сақтандырушымен одан әрі қарайғы әрекеттерді келісімдеу, сондай-ақ Сақтандырушының белгілеген нысаны бойынша жазбаша өтініш беру;
- зақымдалған көлікті Сақтандырушы оны тексергенге дейін сақтандыру оқиғасының туындауы нәтижесінде қандай түрде болса, сол күйінде сақтау. Сақтанушы, егер бұл қауіпсіздік тұрғысынан қажет болса, зиянның мөлшерін азайтуға немесе, егер бұған Сақтандырушының келісімі алынса, келтірілген зиянның картинасын өзгертуге құқылы;
- Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді беру;
- Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының (оқиғаның) орнын және зақымдалған көлікті тексеру немесе зерттеу, залал мөлшері мен себептері қатысында тексеру жүргізу, залалды азайту және сақтандырылған көлікті құтқару шараларына қатысу мүмкіндігін беру;
- Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамау, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелерді қабылдамау; қандай да бір ұсыныстарды қабылдамау; осы сақтандыру жағдайына қатысы бар төлемдерді жасамау немесе қандай да бір төлемдерді жасауға уәде бермеу.

VIII. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

1. жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу талаптарын сақтау үшін:

сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы өтініш; өтініш берушінің жеке куәлігі; жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік (егер Сақтандырылушы жеке тұлға болса және жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын болса); сақтандыру компаниясында істер жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүдделерін ұсынған жағдайда);

2. сақтандырылған мүлікті сақтаудағы мүддесін дәлелдеу үшін:

сақтандырылған көлікті иелену құқығын растайтын құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы куәлік; сақтандыру жағдайы басталған сәтте көлікті басқарған тұлғаның жүргізушілік куәлігінің көшірмесі; сақтандыру жағдайы басталған сәтте көлікті басқарған тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; меншіктенушінің атынан иелену, пайдалану және/немесе өкім жүргізу құқығын растайтын басқа да құжаттың көшірмесі; және т.б.);

3. сақтандыру жағдайының бар болуын дәлелдеу үшін:

1. а) мотоцикл/мотороллер қатысуымен жол-көлік оқиғасы кезінде:

жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмесі және оған қосымша; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, оқиға қатысушыларын медициналық куәландыру анықтамалары; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын полиция органдары және құқық қорғаушы органдар (тергеу, сот және т.б.) жасаған басқа да құжаттар;

б) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері кезінде:

оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі және қылмыстық іс қозғау туралы қаулы (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы), іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулының көшірмесі (көлікті айдап әкеткен не ұрлаған кезде); айыпталушы ретінде іске тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қарсы әрекеттер жасаған тұлғаны анықтаған кезде); кінәлі тұлғаларға қатысты соттың үкімі (не егер қылмыс жасауда кінәлі тұлға айқындалмаса, істі тоқтату туралы қаулы); сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілеттік берілген органдар (комиссиялар) жасаған басқа да құжаттар; ал көлікті айдап әкеткен немесе ұрлаған кезде ұрланған (айдап әкеткен) көліктің түпнұсқа кілттерінің қосымша толық жиынтығы; сақтандырылған көлік жарактандырылған басқару пульттерінің, брелоктардың, карточкалардың, активтік және пассивтік активаторлардың, барлық электрондық және электрондық-механикалық айдап кетуге қарсы жүйелердің, айдап кетуге қарсы механикалық құрылғылардың барлық кілттерінің толық жиынтығы;

в) дүлей апаттар кезінде:

ТЖ, гидро-метео қызметінің аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар, сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдар жасаған актілер, қорытындылар, басқа да құжаттар;

г) басқа да алдын алуға болмайтын оқиғалар кезінде:

өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптаманың қорытындылары, жол-көлік оқиғасы туралы хаттама мен оған қосымша; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілеттік берілген органдар (комиссиялар) жасаған басқа да құжаттар;

2. а) квадроцикл/қарда жүргіштің қатысуымен жол-көлік оқиғасы кезінде:

көлікті қарау актісі, зақымдалған көліктің, оқиға орнының, айыпты тұлғаның фотосуреттері, оның деректері, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының медициналық куәландыру анықтамаларының көшірмелері; сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын басқа да құжаттар;

б) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері кезінде:

оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі және қылмыстық іс қозғау туралы қаулы (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы), іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулының көшірмесі (көлікті айдап әкеткен не ұрлаған кезде); айыпталушы ретінде іске тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қарсы әрекеттер жасаған тұлғаны анықтаған кезде); кінәлі тұлғаларға қатысты соттың үкімі (не егер қылмыс жасауда кінәлі тұлға айқындалмаса, істі тоқтату туралы қаулы); сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілеттік берілген органдар (комиссиялар) жасаған басқа да құжаттар; ал көлікті айдап әкеткен немесе ұрлаған кезде ұрланған (айдап әкеткен) көліктің түпнұсқа кілттерінің қосымша толық жиынтығы; сақтандырылған

көлік жарақтандырылған басқару пульттерінің, брелоктардың, карточкалардың, активтік және пассивтік активаторлардың, барлық электрондық және электрондық-механикалық айдап кетуге қарсы жүйелердің, айдап кетуге қарсы механикалық құрылғылардың барлық кілттерінің толық жиынтығы;

в) дүлей апаттар кезінде:

ТЖ, гидро-метео қызметінің аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар, сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдар жасаған актілер, қорытындылар, басқа да құжаттар;

г) басқа да алдын алуға болмайтын оқиғалар кезінде:

өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптаманың қорытындылары, оқиға туралы хаттама мен оған қосымша; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілеттік берілген органдар (комиссиялар) жасаған басқа да құжаттар;

3. а) гидроциклдің қатысуымен жол-көлік оқиғасы кезінде: жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмесі және оған қосымша; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, оқиға қатысушыларын медициналық куәландыру анықтамалары; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын су полициясы органдары және құқық қорғаушы органдар (тергеу, сот және т.б.) жасаған басқа да құжаттар;

б) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері кезінде:

оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі және қылмыстық іс қозғау туралы қаулы (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы), іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулының көшірмесі (көлікті айдап әкеткен не ұрлаған кезде); айыпталушы ретінде іске тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қарсы әрекеттер жасаған тұлғаны анықтаған кезде); кінәлі тұлғаларға қатысты соттың үкімі (не егер қылмыс жасауда кінәлі тұлға айқындалмаса, істі тоқтату туралы қаулы); сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілеттік берілген органдар (комиссиялар) жасаған басқа да құжаттар; ал көлікті айдап әкеткен немесе ұрлаған кезде ұрланған (айдап әкеткен) көліктің түпнұсқа кілттерінің қосымша толық жиынтығы; сақтандырылған көлік жарақтандырылған басқару пульттерінің, брелоктардың, карточкалардың, активтік және пассивтік активаторлардың, барлық электрондық және электрондық-механикалық айдап кетуге қарсы жүйелердің, айдап кетуге қарсы механикалық құрылғылардың барлық кілттерінің толық жиынтығы;

в) дүлей апаттар кезінде:

ТЖ, гидро-метео қызметінің аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар, сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдар жасаған актілер, қорытындылар, басқа да құжаттар;

г) басқа да алдын алуға болмайтын оқиғалар кезінде:

өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптаманың қорытындылары, оқиға туралы хаттама мен оған қосымша; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілеттік берілген органдар (комиссиялар) жасаған басқа да құжаттар;

4. Келтірілген залалдардың мөлшерін дәлелдеу үшін:

тәуелсіз сараптау (бағалау) ұйымдарының не келтірілген залалдардың мөлшерін растайтын басқа да құжаттар.

Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген шығындарды дәлелдеу Сақтандырылушының міндеті.

- Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы құжаттарды ұсыну арқылы сақтандырылған көлікке өз мүддесін, сақтандыру жағдайының бар болуын, келтірілген шығындардың мөлшерін дәлелдеулері қажет.

- Сақтандырылушы көлікті сақтау мүддесін, сақтандыру жағдайының орын алуын және келтірілген залалдар мөлшерін растайтын басқа да дәлелдемелер ұсынуға құқылы.

5. Егер қолда бар дәлелдемелер негізінде сақтандыру жағдайының басталу фактісін және залал мөлшерін анықтауды мүмкін жасамаса немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілсе, жекелеген жағдайларда Сақтандырушы осы баптың 3-тармағында аталмаған басқа да құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

6. Сақтандырушының сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтінішті және тиісті құжаттарды алу фактісі уәкілетті қызметкердің не Сақтандырушы өкілінің қолхатымен расталады.

7. Орын алған оқиға туралы барынша толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдарынан, өрт қадағалау органдарынан, апаттық-техникалық қызметтерден, газ желісінің апаттық қызметтерінен), оқиғаның орын алу жағдайлары туралы ақпаратқа ие кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сонымен қатар оның туындауының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.

8. Қажет болған кезде оқиғалардың орын алу себептерін және залал мөлшерін анықтау бойынша жұмысты Сақтандырушының тапсырысы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, апаттық комиссиялар орындауы мүмкін.

IX. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі жайлы білетінімді растаймын:

1. Сақтандыру төлемі әрбір сақтандырылған объект бойынша осы Шартта анықталған франшизаны (шартты, шартсыз) және сақтандыру сомасын ескерумен келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

1) егер Шартта сақтандыру сомасы сақтандырылған көліктің нақты (іс жүзіндегі) құны мөлшерінде анықталса, сақтандыру төлемі осы баптың осы тармағының төменде көрсетілген 3) тармақшасын ескерумен нақты зиян мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады;

2) егер Шартта сақтандыру сомасы Шартты жасаған сәтте сақтандырылған көліктің нақты құнынан төмен мөлшерде анықталса, сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың осы тармағының төменде көрсетілген 3) тармақшасын ескерумен сақтандыру сомасының көліктің нақты құнына қатынасына пропорционалды мөлшерде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің (СТ) мөлшері бұл жағдайда мынадай формула бойынша анықталады: $СТ = 3 \times C/СИ$, мұнда: 3 – нақты зиян мөлшері; C – сақтандыру сомасы; СИ – көліктің сақтандыру құны;

3) егер осы баптың осы тармағының 1) және 2) тармақшаларында анықталған сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза мөлшерінен асатын болса, сақтандыру төлемі осы Шартта белгіленген шартсыз франшиза мөлшерін шегерумен жүзеге асырылады;

Нақты зиян мөлшері былайша анықталады:

а) көлік толығымен опат болған, жойылған, айдап әкеткен (ұрланған) кезде - Шарт қолданылатын кезең ішіндегі тозуды ескерумен қолдануға және іске асыруға жарамды қолда бар қалдықтарды, сондай-ақ сақтандырылған көлік құралының амортизациясы пайызын (амортизация пайызын тәуелсіз сарапшы Сот сараптамалары орталығының актілері негізінде анықтайды) шегере отырып, Шарт (Бордеро) бойынша көлікті сақтандыру сомасы мөлшерінде. Бағалаушының есебіне сәйкес қалпына келтіре жөндеу сомасы амортизациялық тозуды ескерумен сақтандыру сомасының 80 %-ынан асатын көліктің зақымдалуы жағдайында көлік толығымен опат болды (жойылды) деп саналады.

б) ішінара зақымдалған кезде - сақтандырылған көліктің зиян сомасы тәуелсіз сарапшы (бағалаушы) амортизациялық тозуды ескерумен жасаған жылжымалы мүлікті бағалау туралы есебі негізінде анықталады. Бағалаушы қызметтерінің ақысын төлеу, сондай-ақ бағалаушыны таңдау Сақтандырушының айрықша құзыреті толып табылады.

Жөндеу-қалпына келтіру шығыстары жөндеуге арналған материал шығыстарынан, жөндеу бойынша жұмыс ақысын төлеу шығыстарынан және сақтандырылған көлікті ол сақтандыру жағдайы басталмай тұрғанда болған күйіне келтіру үшін қажетті басқа да шығыстардан тұрады. Егер сақтандырылған көліктің қауіпсіздігіне қауіп төндірмей жөндеуге болатындығына қарамастан, бұзылған бөліктерді (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды және т.б.) ауыстыру жүргізілсе, Сақтандырушы Сақтанушыға

(Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) осы бөлшектерді жөндеу құнын өтейді, бірақ ол оларды ауыстыру құнынан аспауы тиіс. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстарының сомасынан жөндеу процесінде ауыстырылатын бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) тозуы шегеріледі.

Сақтандырушы мен Сақтанушының арасындағы келісім бойынша жөндеу-қалпына келтіру шығыстары мыналар негізінде анықталуы мүмкін:

- 1) Сақтандырушының калькуляциясы, немесе
- 2) апаттық комиссардың (сюрвейер) қорытындысы, не
- 3) тәуелсіз сарапшының (бағалаушының) есебі.

Көлікке келтірілген залалдар мөлшерін анықтаудың нақты тәсілі тараптардың келісімі бойынша анықталады. Калькуляцияны жасаған кезде бөлшектер мен жұмыстар қатысында қолданылып жүрген орташа нарықтық бағалар қолданылады. Тараптар арасында залал себептері мен мөлшері жөнінде даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы сараптаманың жүргізілуін талап етуге құқылы болады. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тарап есебінен жүргізіледі. Сараптама нәтижелерімен Сақтандырушының сақтандыру төлемінің бір бөлігін жасаудан бас тартуы негізсіз деп белгіленген жағдайда Сақтандырушы бастапқыда төлеуден бас тартылған сома мен сараптама жүргізілген соң төленген сақтандыру төлемі сомасының арақатынасына сәйкес келетін сараптау бойынша шығыстар үлесін өзіне қабылдайды.

Шынайы зиян мөлшерін анықтау кезінде келесілер есептелмейді және сақтандырумен өтелмейді:

- 1) көлікке техникалық және кепілдікті қызмет көрсету шығыстары;
- 2) көлікті қайта құрастыруға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөліктерін, бөлшектерін және тораптарын тозу, техникалық ақаулық және сақтандыру жағдайына жатпайтын басқа да себептер бойынша жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
- 3) бүлінуі сақтандыру жағдайынан туындамаған көліктің бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) болмауы қарастырылып жатқан сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ бөліктердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны;
- 5) көлікті тасымалдау шығындары;
- 6) жасырын ақауларды қоспағанда, құзыретті органдардың құжаттарында зақымдалған деп көрсетілген көліктің бүлінген бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеу шығындары;
- 7) зақымдалған көліктің жөндеуін жүзеге асырып жатқан ТҚС-та қажетті қосалқы бөліктер мен бөлшектердің болмауы салдарынан көліктің тараптарын, агрегаттарын жинағында ауыстыру (жөндеудің орнына);
- 8) нормативтерден жоғары тарифтерді, бағамдарды және коэффициенттерді қолдануға байланысты шығыстар;
- 9) КҚ жөндеу орнына көшіруге /немесе жеткізуге байланысты шығыстар;
- 10) өтініш-сауалнамаға немесе басқа құжаттарға сәйкес сақтандыру күнінде орын алған зақымдауларға шығындар сомасы өтелмейді;
- 11) сақтандырылған көліктің құнын ұлғайтуға алып келетін басқа да шығыстар.

Пайда алушы көлікті айдап әкету немесе ұрлау жағдайында сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырылушы Сақтандырушымен төмендегі жағдайларға сәйкес шарт жасауға міндетті:

- а) айдап әкеткен (ұрланған) көлік айқындалған жағдайда көлікті Меншіктенуші Сақтандырушының пайдасына меншік құқығын беруді ресімдеу міндеттемесін қабылдайды. Бұл ретте Тараптар шарт бойынша Сақтандырушының пайдасына меншік құқығын беруді ресімдеуге байланысты шығыстарды теңдей көтереді;
- б) Меншіктенуші осы тармақтың а) тармақшасында аталған міндеттемелерді орындамаған жағдайда немесе тараптардың келісімі бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) көлікті айқындаған күннен бастап 10 күн ішінде көліктің жоғалған агрегаттары, бөлшектері, жүйелері, тораптары, құрылғылары мен конструкция элементтері құнын, сондай-ақ көлікті жөндеуге немесе сақтандыру жағдайына дейінгі күйіне келтіруге шыққан ұрлауға байланысты шығыстарды шегерумен Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін қайтаруға және айқындалған көлікті ұстап тұруға

байланысты шығыстарды (егер оларды Меншіктенушіге тапсырғанға дейін Сақтандырушы ұстап тұрған болса) өтеуге міндетті.

Берілген Сақтандыру шартына қол қоя отырып, Сақтандырушыдан кез келген нысанда (жазбаша, электронды, смс хабарламалар және т.б.) сақтандыру қызметтері бойынша жарнамалық өнімді қоса, кез келген ақпаратты алуға өз келісімімді беремін.

Берілген Сақтандыру шартына қол қоя отырып, сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде және қауіп-қателерінің адын алуға сақтандыру мүддесіне ие екендігімді растаймын.

_____ (ТАӨ)

_____ (Қолы)